



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 4 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2009 жылғы 17 ақпан
2008 жылғы төлем балансын
алдын ала бағалау туралы**

2008 жылғы төлем балансын алдын ала бағалау Ұлттық Банк 2009 жылғы 30 қаңтарда ие болған статистикалық ақпарат базасында қалыптасқан. 2008 жылғы 4-тоқсандағы алдын ала деректерді қалыптастырудың дерек көздеріне мыналар кіреді:

1. Кедендік статистиканың 2008 жылғы қазан-желтоқсан аралығындағы деректері;
2. 2008 жылғы 4-тоқсандағы екінші деңгейдегі банктердің статистикалық есептілігі (9-ТБ және 11-ОБ нысандары), қорытынды айналымдарды есепке алмағанда;
3. Ақпараттық алмасу шеңберінде алынатын Қаржы министрлігінің сыртқы борыш бойынша деректері;
4. 2008 жылғы 4-тоқсандағы Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының статистикалық есептілігі (15-ТБ нысаны) (алдын ала деректер);
5. Банктік емес сектордың валюталық операциялары бойынша тіркеу және хабарлау деректері;
6. Қазақстанда бір жылдан астам жұмыс істейтін резидент емес компаниялардың филиалдарына валюталық мониторинг жүргізу шеңберінде алынған деректер, сондай-ақ мұнайгаз саласындағы аса ірі инвестициялық жобаларды іске асыру туралы ақпарат;

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Қорының операциялары және алтынвалюта резервтерімен операциялар бойынша Ұлттық Банктің баланстық есептілігінің деректері (қорытынды айналымдарды есепке алмағанда).

2009 жылғы 30 наурызда жарияланатын 2008 жылғы есептік деректерді қалыптастырған кезде алдын ала бағалаудың деректерін негізгі нақтылау мынадай позициялар бойынша жүзеге асырылады:

- Сауда балансы: ресми сауда статистикасына есептеулер және бағалар;
- Халықаралық қызмет көрсету балансы: халықаралық қызмет көрсету бойынша статистикалық есептілік деректері және бағалау көрсеткіштері бойынша есептеу;
- Инвестициялық кірістердің және еңбекақы төлеудің балансы: мемлекеттік органдардың, қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың статистикалық есептілігінің деректері, сондай-ақ қор биржасының веб-сайтында ірі кәсіпорындар бойынша жарияланатын деректермен салыстыру нәтижелері бойынша банктік емес сектордың инвестициялық кірістері бойынша деректерді нақтылау;
- Капиталмен операцияларды есептеу: статистикалық есептіліктің деректері және мигранттардың трансферттерін бағалауды есептеу;
- Мемлекеттік сектордың қаржылық операциялары: статистикалық есептілік деректері және ҚР Ұлттық Қорының активтерін басқару нәтижелері бойынша нақты деректер;
- Банк секторының қаржылық операциялары: статистикалық есептілік деректері (17-ТБ нысаны), нарықтың кәсіби қатысушыларының есептілігі, қорытынды айналымдар және

банктік статистиканың деректерін тоғыспалы тексеру нәтижелері жөніндегі деректерді нақтылау;

- Банктік емес сектордың қаржылық операциялары: статистикалық есептілік деректері (1-ТБ нысаны);
- Қорытынды айналымдарды есепке алғанда алтынвалюта резервтерін басқару нәтижелері бойынша деректер.

Ағымдағы операцияларды есептеу бойынша түпкілікті нәтижелерге инвестициялық кірістердің балансын нақтылау және атап айтқанда, акционерлік капиталдан кірістер (тікелей және портфельдік инвестициялардан кірістер) бойынша нақты деректерді қосу айтарлықтай әсер етеді.

Сыртқы сектордың статистикасы бойынша деректерді қайта қарау регламентіне сәйкес, 2008 жылғы төлем балансы бойынша есепті жариялаған кезде сондай-ақ бұрын жарияланған есептік деректерді ревизиялау жүзеге асырылады. Деректерді нақтылаудың негізгі дерек көзі төлем балансы бойынша есептерді қалыптастырғаннан кейін келіп түскен қосымша деректер және статистикалық ақпарат, - валюталық операциялар туралы тіркеу және хабарлау шеңберінде алынған деректер, валюталық мониторинг деректері, төлем балансы бойынша статистикалық есептілікті қоспағанда, басқа ақпарат көздерімен деректерді салыстырған кезде статистикалық ауытқушылықтарды анықтау, сондай-ақ әріптес-елдердің деректері болып табылады. Деректерді қайта қарау негізінен 2007 жылғы және 2008 жылғы 9 айдағы есептік деректерге қатысты болады.

Қазақстан Республикасы Төлем Балансының алдын ала бағалауы
2009 жылдың 30 қаңтардағы жағдай бойынша

млрд. АҚШ доллары

	2008 бағалау	2008				2007 дерек	2007			
		I	II	III	IV бағалау		I	II	III	IV
Ағымдағы шот	8,90	3,43	1,89	3,69	-0,11	-7,33	-0,56	-2,00	-2,86	-1,92
Сауда балансы	33,49	8,65	9,32	10,18	5,34	15,09	3,59	3,45	3,10	4,94
Экспорт фоб	71,97	15,93	19,48	21,29	15,27	48,35	10,17	11,90	12,15	14,13
Импорт фоб	-38,48	-7,28	10,16	11,11	-9,93	-33,26	-6,58	-8,45	-9,04	-9,19
Қызмет көрсету балансы	-6,50	-1,39	-1,83	-1,92	-1,36	-8,07	-1,34	-1,92	-2,43	-2,38
Экспорт	4,38	0,94	1,11	1,23	1,11	3,55	0,72	0,87	0,97	0,99
Импорт	-10,88	-2,32	-2,94	-3,15	-2,47	-11,63	-2,06	-2,80	-3,41	-3,37
Еңбекақы балансы және инвестициялық кірістер балансы	-17,05	-3,61	-5,45	-4,24	-3,75	-12,19	-2,42	-3,00	-2,81	-3,96
<i>оның ішінде</i>										
Ұлттық қордың резервтері мен активтері бойынша сыйақы	1,20	0,29	0,32	0,30	0,29	1,46	0,35	0,40	0,35	0,36
Тікелей инвестициялары бойынша кірістер, нетто	-14,76	-3,01	-4,81	-3,67	-3,27	-10,35	-2,04	-2,63	-2,26	-3,41
Ағымдағы трансферттер балансы	-1,04	-0,22	-0,15	-0,33	-0,34	-2,16	-0,39	-0,53	-0,71	-0,52
Капиталмен және қаржымен операциялардың шоты (қателер және қалып қойғандарды қоса)	-7,18	-2,41	0,19	-2,45	-2,52	4,25	5,17	5,35	-4,21	-2,06
Капиталмен операциялар шотының балансы	-0,03	0,00	0,00	-0,01	-0,01	-0,04	0,01	0,00	-0,01	-0,04
Тікелей инвестициялар	8,20	1,17	2,24	1,50	3,29	6,95	1,84	0,21	1,45	3,45
Шетелдік тікелей инвестициялар	-4,23	-0,87	-0,49	-1,58	-1,29	-3,24	-0,63	-1,56	-0,42	-0,63
Қазақстандағы тікелей инвестициялар	12,43	2,04	2,73	3,08	4,58	10,19	2,47	1,77	1,87	4,08
Портфельдік инвестициялар	-9,42	-1,34	-3,30	-1,46	-3,32	-4,56	-0,91	1,10	-2,02	-2,74
Активтер	-7,55	-1,32	-3,16	-0,59	-2,48	-4,10	-1,45	-0,67	-0,78	-1,20
Міндеттемелер	-1,87	-0,02	-0,14	-0,88	-0,84	-0,47	0,54	1,77	-1,24	-1,53
Орта және ұзақ мерзімді заемдар мен кредиттер	1,95	-0,23	1,39	2,59	-1,81	11,25	4,92	3,71	3,25	-0,62
Активтер	-1,69	-0,20	-0,35	-0,33	-0,81	-5,02	-1,71	-2,24	-0,08	-0,98
Міндеттемелер	3,64	-0,03	1,75	2,92	-1,00	16,27	6,63	5,95	3,33	0,36
Басқа қысқа мерзімді капитал (қателер және қалып қойғандарды қоса)	-7,87	-2,00	-0,13	-5,06	-0,67	-9,29	-3,09	-2,19	-4,26	0,24
ҚҰБ-нің резервтік активтерінің өзгеруі ("-" - өсуі, "+" - төмендеуі)	-1,73	-1,03	-2,08	-1,24	2,62	3,03	-2,20	-0,84	4,44	1,62

Анықтама:

Сыртқы қаржылық активтер мен сыртқы қаржыдық міндеттемелердің өзгерісі

"+" - активтердің төмендеуі, міндеттемелердің өсуі; "--" - активтердің өсуі, міндеттемелердің төмендеуі.

ҚР Үкіметі	-5,39	-1,75	-2,56	-1,29	0,20	-8,63	-1,86	-0,86	-3,21	-2,70
Активтер (ҚР Ұлттық Қорын қоса)	-5,30	-1,75	-2,48	-1,29	0,23	-6,50	-1,87	-1,72	-1,05	-1,86
Міндеттемелер	-0,10	0,00	-0,08	0,00	-0,02	-2,12	0,01	0,86	-2,16	-0,84
Банктер	-8,56	-0,72	-0,46	-5,02	-2,36	9,58	4,18	4,66	0,88	-0,14
Активтер	-2,37	0,60	-0,63	-2,36	0,02	-5,59	-0,97	-3,30	0,74	-2,06
Міндеттемелер	-6,19	-1,32	0,16	-2,66	-2,38	15,18	5,15	7,96	0,14	1,92